

КЕЛІСІЛДІ
Директордың әлеуметтік
және тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары
_____ Б.Ж.Бахтиярова
«_____» _____ 20__ жыл

БЕКІТЕМІН
Колледж директоры
_____ Д.С.Арғынғазин
«_____» _____ 20__ жыл

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы, Еріктілер жылы,
Ұлы Абайға 175 жыл, «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» және
1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні қарсаңында өткізілетін
«Жастар, ғылым және инновациялар қоғамдық сананы жаңғырту процесінде» атты
қалалық Байсейітов студенттік ғылыми-тәжірибелік интернет конференция
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы, Еріктілер жылы, Ұлы Абайға 175 жыл, «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» және 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні қарсаңында өткізілетін «Жастар, ғылым және инновациялар қоғамдық сананы жаңғырту процесінде» атты қалалық Байсейітов студенттік ғылыми-тәжірибелік интернет конференциясы (бұдан әрі – Конференция) 2020 жылдың 21 - ші желтоқсанда өтеді;

1.2. Конференцияға техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының студенттері катысады;

1.3. Конференцияның жұмыс тілдері – қазақ, орыс, ағылшын тілдері.

2. Конференцияның мақсаты:

2.1. Студенттердің ғылыми-шығармашылығын ұйымдастыру және басқару;

2.2. Қоғамдық сананы жаңғыртудың өзекті теориялық және практикалық мәселелерін талқылау;

2.3. Ақпараттық құзіреттіліктерін дамыта отырып, жобалау және зерттеу жұмыстарының деңгейін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу;

2.4. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру, ғылыми көзқарасы мен әртүрлі ғылыми бағыттардағы байланыстарды кеңейту, өзекті мәселелермен алмасу, жастардың инновациялық әлеуетін айқындау және дамыту.

3. Конференцияны ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3.1. Конференция ұйымдастырушылары Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы «Рымбек Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжі» КМҚК;

3.2. Конференция ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитетін құрады, оның қызметінің ретін анықтайды;

3.3. Ұйымдастыру комитеті конференцияның мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға ықпал жасайды, конференцияны өткізу бойынша барлық ұйымдастыру жұмысын жүзеге асырады.

4. Конференция қатысушылары

4.1. Конференция қатысушылары техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының 1,2,3,4 курс студенттері.

5. Конференцияға қатысу

5.1 Конференцияға қатысу үшін 2020 жылдың 18 желтоқсанға дейін колледждің sfec_bshbm@mail.ru электрондық мекен-жайына СҰРАНЫМ (Қосымша 1) және баяндама мәтінін жіберу қажет;

5.2. Бір мақала авторы ретінде екі адамнан артық бола алмайды;

5.3 Конференцияға келесі бағыттағы жұмыстар қабылданады:

- «Ағымдағы жаһандық цифрлік үрдістер: технологиялық аспектілер» (IT бағыты):

- «Заманауи экономика мен бизнестің өзекті мәселелері» (Экономика бағыты);

- «Ұлы даланың – ұлы тұлғалары» (Тарихи-әдеби бағыт);

- «Қазақстанның тарихи - философиялық және құқықтық мәселелері. Қоғамдық сананы жаңғырту» (Психология, социология бағыттары);

- «Жаһандану жағдайындағы көптілділік: мәселелері мен болашағы» (Лингвистикалық бағыт).

6. Конференцияға ұсынылатын материалдардың мазмұнына және рәсімделуіне қойылатын талаптар

6.1 Баяндама мәтіні Microsoft Word бағдарламасында А4 (21x29,7 см) форматында басылу қажет, шрифт – Times New Roman, кегль – 12 (кесте ішіндегі жазбалар 10 шрифт) жоларалық интервал – 1,0, азат жол – 1,25 см. Жиектері – 20 мм. Мәтін көлемі – 4-5 беттен артық емес;

6.2 Беттің жоғары оң жағында қою қаріпті (полужирный) бас әріптермен баяндаманың тақырыбы жазылады, оның астында бір интервал аралықта жартылай майлы курсивпен автордың, қосалқы автордың тегі, келесі жолда оқу орынының атауы және мамандық, одан әрі бір интервалдан кейін – мақала мәтіні жазылады;

6.3 Мәтінде пайдаланылған әдебиеттер тізімі мақала соңында көрсетіледі, төртбұрыш жақшада пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер жазылады, мысалы: [5];

6.4 Ұйымдастыру комитеті талапқа сәйкес келмейтін мақалаларды конференция жұмысына енгізбеу құқығын өзіне қалдырады.

7. Конференция қорытындысын жасау, конференция жеңімпаздарын жариялау және марапаттау

7.1. Жұмыстарды Қазылар алқасы бағалайды.

Жұмыстарды бағалаудың критерийлері:

- Зерттеу жұмысы тақырыбының ашылу толықтығы, өткізілген талдау;
- Жұмыстың тақырыпқа және конференцияның негізгі идеяларына сәйкестілігі;
- Қойылған және шешілетін мәселелердің өзектілігі мен маңыздылығы;
- Соңғы жылдары қалыптасқан жағдайды түсінудің тереңдігі мен деңгейі;
- Шығарылатын ұсыныстардың тәжірибелік маңызы;
- Логикалығы, жұмыстың негізгі ережелерінің өзара байланысуы;
- Жұмысты жазудың өзіндігі, автордың дәлелдемелі көзқарасының болуы.

7.2. Конференцияның жеңімпаздары ретінде Қазылар алқасының бағалауына сәйкес жүлделі орындарға ие болған қатысушылар болады;

7.3. Қатысушылардың үздік баяндамалары дипломдармен, алғыс хаттармен және сертификаттармен марапатталды;

7.4. Конференция қорытындысы sfek.kz сайтында және instagram: sfeccollege парақшасында 2020 жылдың 23 желтоқсанда жарияланады.

8. Байланыс ақпараттары

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Рымбек Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжі» КМҚК

Мекен - жайы: Семей қ., Шығыс Қазақстан облысы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 14 А

Е-mail: sfec_bshbm@mail.ru

Instagram: sfeccollege; bayseitov_intellectual_school

Телефон: +77071488988; +77024569910;
522420; 521330

«Жастар, ғылым және инновациялар қоғамдық сананы жаңғырту процесінде» атты қалалық Байсейітов студенттік ғылыми-тәжірибелік интернет конференцияға қатысу үшін
СҰРАНЫМ

Студенттің Т.А.Ж. (толық)	
Облысы	
Қала (Аудан)	
Оқу орны	
Курс, мамандық	
Жетекшінің аты жөні (толық)	
Байланыс телефондары	
Электрондық адрес	
Бағыты (секция)	
Баяндама тақырыбы	